

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Пәні: Информатиканы оқытудың инновациялық технологиялары

Орындаған: Сабырхан А.
Баумуратова Ш.
Тобы: 111-15
Қабылдаған: Адылбекова Э.

Шымкент, 2017




Информатиканы оқытудың инновациялық технологиялары пәнінің мақсаты мен міндеттері

болашақ мұғалімдердің информатиканы оқытуды ұйымдастыру барысында оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану қабілеттерін арттыру және ақпараттық, коммуникативтік, жобалық және әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру

болашақ мұғалімнің мектеп оқушыларына информатика пәнін оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіре алу; мектеп оқушыларының дайындық сапасын арттыру үшін инновациялық технологияларды пайдаланудың моделін құру;

Курстың мазмұны 2 модульден тұрады



Информатиканы
оқытудағы ақпараттық-
коммуникациялық
технологиялардың рөлі



Мектепте информатика
пәнін оқытуда
пайдаланылатын
инновациялық
технологиялар


Педагогикалық технология ұғымы

В.П.Беспалько педагогикалық жүйені «педагогикалық үдерістер жүретін жүйе» деп қарастырады.

Педагогикалық жүйе – деп жеке тұлғаны берілген сапада қалыптастыру үшін ұйымдастырылған, мақсатты бағытталған және алдын ала ұстанатын педагогикалық әсерлерді құруға қажетті өзара байланысқан құралдар, әдістер және үдерістердің белгілі бір жиынтығы.

Кез келген педагогикалық жүйенің құрылымы өзара байланысқан 6 инвариантты элементтер жиынтығы түрінде көрсетіледі:

- 1- білім алушылар;
- 2- оқыту және тәрбиелеу мақсаты;
- 3- оқыту мен тербиелеу мазмұны;
- 4- дидактикалық үдерістер (тәрбиелеу және оқыту үдерістері);
- 5- мұғалімдер (немесе оқытудың техникалық құралдары – ОТҚ);
- 6- оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының ұйымдастыру формалары.



Педагогикалық жүйе

Әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырайтын педагогикалық жүйенің практикада іске асатын жобасын *педагогикалық технология* деп атайды.

«Технология» ұғымы латын сөздерінен – «техне» - өнер, шеберлік, кәсіп және «логос» ғылым – дегенді білдіреді.

Адамзаттың бүгінгі таңға дейін жасаған және қолданып жатқан технологияларын екіге жіктеуге болады: *өндірістік және әлеуметтік*.


«Технология» терминінің педагогикалық қызметке енуі оқытудың, индустриальді технология идеясына негізделген, техникалық құрылғыларын қолдануға байланысты. Осыған орай, В.П.Беспалько былай дейді: «Мектептегі жаңарту ісі мұғалімнің, қайдан шыққаны белгісіз, педагогикалық шеберлігіне үміттенуден емес, ол қатаң түрде ғылыми негізделген, шығармашылық жетілдіру арқылы ғана мүмкін болады».

Сонымен, *педагогикалық технология* дегеніміз – ұстаздың кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін және жоспардағы басты міндетті орындаудың басты кепілі бола алатын технологиялық іс-шаралар жиынтығы (К.Өстеміров).

- Педагогикалық технологиялар жайлы еңбектерді зерделей отырып, оның төмендегідей **елеулі белгілерін** атауға болады:
- технология нақты бір педагогикалық бағытпен зерттеліп даярланады, оның негізінде алға қойған мақсатқа жетудің нақты ережесіне қол жеткізетін автордың немесе ұжымның құндылық бағдары мен мақсаты жатқызылады;
- педагогикалық технология алға қойылған мақсатқа сәйкес құрылады, ол нәтижеге жетуді қамтамасыз етуге тиісті;
- педагогикалық технология элементтерін кез-келген мұғалім өзіндік тәжірибесіне және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай, кезеңдеп жүйелі түрде жүзеге асыруы қажет;
- педагогикалық технологияның негізгі бөлігі оқытудың аталмыш стратегиясына сәйкес, іс-әрекет нәтижесін айқындаудың критерийлері мен құралдарын анықтайтын диагностикалық тәсілдер болып табылады.



Білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялар үш негізгі үдерісті тиімді жүзеге асыруға бағытталған:



Инноватика, инновация ұғымдары

Жалпы алғанда, бұрыннан белгілі қолданыста жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзін инновациялық деп қарастырады. Олай болса, «инновация» деген ұғымды "жаңалық", "жаңа әдіс", "өзгеріс", "әдістеме", "жаңашылдық", ал инновациялық үдерісті "жаңа әдістеме құралы" деп түсіндіруге болады.

Педагог ғалым Ш.Таубаева өзінің зерттеу жұмысында «инноватика» ұғымы мазмұнының негізгі аспектілерін былайша көрсетеді:

1. Инноватика – жаңа білімді құру, меңгеру және оны практикаға енгізу заңдылықтарын зерттейтін іргелі гуманитарлық ғылым.
2. Инноватика – жаңа білімді құру, меңгеру және ендіру үдерісін оқып үйренуге арналған ғылымның бір саласы.
3. Инноватика – ғылымның, техниканың және қоғамдық практиканың әртүрлі салаларындағы инновациялық үдерістердің теориясы мен практикасы.

Танымал педагогикалық технологиялар

- Оқу жұмысы тәсілдерін қалыптастыру технологиясы.* Қандай да бір нәрсені сипаттау жоспары, алгоритмі, үлгілері, ережелері түрінде беріледі.
- Тірек сигналдар парақтары технологиясы.* Схемалар басты және негізгіні ерекшелеу, логикалық байланыстарды іздеу және орнату оқушыларға сабақты игеруге көмектеседі.
- Оқушылардың оқу әрекеттерін қалыптастыру технологиясы.* Бұл технологияның мәні мынада: оқу әрекеті оқушының оқу белсенділігінің ерекше формасы ретінде қарастырылады. Ол білімді есептер көмегімен алуға бағытталған. Сабақ басталғанда есеп ұсынылады, ол сабақ барысында шешіледі, ал сабақ аяғында осы есептерге сай тест арқылы тексеру жүргізіледі.
- Дифференциаланған оқыту технологиясы.* Бұл технологияны қолдануда оқушылар шартты түрде ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлінеді. Түрлі деңгейдегі бағдарламалар, дидактикалық материалдар, тапсырмалар, оқыту нәтижесін диагностикалау түрлері жасалады.
- Оқу-ойын технологиясы.* Оқу ойыны оқушы мен оқытушы белсенді болып, үлкен дайындықпен жүзеге асқан жағдайда ғана оң нәтиже береді. Ойын түрлері өте көп.
- Коммуникативті-диалогті әрекет технологиясы.* Бұл технология оқытушыдан оқу процесін ұйымдастыруда шығармашылық ізденісті, эвристикалық әңгімелесу әдістерін, топпен пікірталас жүргізе білуді талап етеді.

Модульдік технология. Оқу материалының мазмұны мен оны оқушылардың игеру технологиясын біріктіретін ерекше функциональдық түйінді модуль деп атайды.

Телекоммуникациялық технология – қашықтықта орналасқан оқушыларды негізгі оқыту мекемесімен телефон, Интернет арқылы байланыстырып, телевизиялық дәрістер, консультациялар, топтық сабақтар жүргізіледі.


Желілік технология – негізінен компьютерлік желілерге сүйенеді, оқушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, сондай-ақ оқушы мен оқытушы арасындағы интерактивті өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

Мультимедиа-технологиялар. Мәтін, кескіндер, видеокадрлар, анимациялық объектілер, дыбыстар, мультипликация, музыка т.б. қамтитын құжаттарды бір уақытта, интерактивті бағдарлама ретінде бейнелейтін жаңа ақпараттық технология.

Интернет-технологиялар. Тікелей Интернет желісінің жұмысына негізделген технология, оқушының өз бетімен жұмыстануына көп септігін тигізеді.

Кейс-технологиялар. Дәл құрылымдалған және сәйкесінше арнайы «портфельге» жинақталған оқу-әдістемелік материалдарды оқушыға өз бетімен оқуға жіберген кезде жүзеге асатын технология.

Жобалық технология. Жобалық технологияны қолдану оқыту процесіне оқу жобаларын кеңінен енгізу болып табылады. Бұл әдіс білім алушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.



Осындай технологияларды қолдана отырып, оқытушы сабақты толық, қызықты етіп өткізуге толық мүмкіндік бар. Сабақтың тиімділігі оқытуды ұйымдастыру формасының педагогикалық негізде дұрыс таңдалуына байланысты.